

БАСПАҚОЖЕ  
жазылу

222



ASTANA  
AQSHAMY

АСТАНА



## Тілдер: жүйелі жұмыс жүргізілуде



**Астана қаласы коммуникациялар қызметінің алаңында қалалық Тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының басшысы Сәкен Есіркең атапыш басқарманың жұмысымен, жоспарларымен таныстырыды.**

### **Оқушылардың 65 пайзызы қазақ сыныбында оқиды**

Оның айтуынша, жыл сайын 1500-2000 қала тұрғыны қазақ тілін тегін оқиды. Оның 40 пайзызы – өзге этнос өкілдері. 110 мемлекеттік қызметші ағылшын тілін оқу курсына қатысады. Қазақ және ағылшын тілінде сөйлесу клубтары жұмыс істейді. Оған көбінесе өзге этнос өкілдері шақырылады. Бұған қоса, кәсіпкерлерге арналған интенсив қазақша курстар бар. Мұны қаладағы біраз кәсіпкер, сатуши, қызмет көрсетуші персонал оқып келеді. Әртүрлі сала мамандарына қажет аударма сөздіктер дайындалып, электронды форматта «Атамекен» палатасы арқылы кәсіпкерлерге таратылуда.

«Танымал мотиваторлар мен тіл жанашыларын тарта отырып, балабақша және мектептерде ата-аналармен, мұғалімдермен және тәрбиешілермен кездесулер сериясы жүйелі түрде өтуде. Былтыр және биыл осы кездесулерге Оразқұл Асанғазы, Тұрар Сәттарқызы, Қазыбек Иса, Аманжол Әлтаев, Дәuletкерей Кәпұлы, Дархан Мыңбай, Света Айтбаева, т. б. азаматтар тартылды. Жыл сайынғы кездесулер саны 200-ден асады» дейді Сәкен Есіркең.

Аталмыш басқарманың Білім басқармасымен жүйелі жұмысы нәтижесінде биыл қала мектептеріндегі қазақ сыныбында оқитын оқушылардың саны 65 пайызды құрады. Салыстырмалы түрде 2023-2024 оқу жылында 62 пайызды, 2022-2023 оқу жылында 58 пайызды құраған болатын.

«Жақында жастардан құралған «Синтез» атты театр жетекшісімен таныстырылған. Өте білімді, патриот жан. Өнерлі жастардың басын қосып, театр ашқан.

Жақсы спектакльдері бар екен. Сол спектакльдерді мектеп оқушылары алдында қою жоспарда бар» дейді басқарма басшысы.

### **Қаламгерлерді қолдау тұрақты**

Оның айтуынша, Астана қаласындағы зиялы қауыммен жұмысқа негізгі жауапты – Тілдерді дамыту және архив ісі басқармасы. Бұл тарапта қаладағы 180 ақын-жазушы мен белгілі мемлекет және қоғам қайраткерлерімен тұрақты байланыс орнатылған. Жыл сайын қаламгерлерге қала әкімінің гранттары берілуде. Екі жыл бұрын 30 мың тиражбен проза және поэзия жанрындағы шығармалар жарық көріп, республика кітапханаларына таратылды. Бұған қоса, Семейдегі Абай еліне, Қостанайдағы Ахмет Байтұрсынұлы еліне елордалық қаламгерлердің ғылыми және танымдық экспедициялары ұйымдастырылуда. Әкім Тарази, Төлен Әбдік сынды классик жазушылар мен ірі қаламгерлердің мерейтойлық шаралары мен шығармашылық кештері аталып етуде. Басқарма жанында тіл жанашырларынан құралған «Тілге қолдау» кеңесші тобы жұмыс істеп, тіл белсенділерінің басы құралып, бір бағытта қызмет етуде.

### **Ойындар арқылы тіл үйрету**

Басқарма ұйымдастыратын рухани-танымдық және креатив шаралар қатарында мекемелер арасында әр тоқсан сайын өтетін «Қазақша куиз» зияткерлік ойынын, ай сайын Есіл жағалауы мен Арбатта әр ай сайын ұйымдастырылатын «Dombyra Party» шарасын атап өтуге болады. Мұнда қазақша әндер шырқалып, қазақша караокеден сайыс ұйымдастырылады, викторина ойнатылады.

Басқарма ұйымдастыратын тағы бір іс-шара – «QazaqSham» қазақ тілді контент өндірушілерінің форумы. Бұл іс-шараға Сенат төрағасы Мәулен Эшімбаев қатысты.

«Сенат спикері осы айда өтетін кезекті форумға да қатысады деп күтілуде. Бұл форумға ірі медиахолдинг басшылары мен қазақ тілінде сапалы контент өндіріп жүрген креатив азаматтар жиналып, өз өнімдерін халыққа тарату, дамыту мәселесін талқылайды» дейді Сәкен Есіркеп.

### **Мемлекеттік тілдің насихаты**

Осы уақытқа дейін қаладағы 300-ден астам ірі билбордтар мен пилондарға қазақ халқының мақал-мәтелдері мен ұлы тұлғалардың нақыл сөздері, 500-ден астам автобустың ішкі салонына 1500-ден аса қанатты сөздер ілінді. 50-ден астам ірі сауда орнында 50-ден аса нақыл сөз аудиоформатта күніне 25 реттен аудиохабарландыру форматында берілді. 20 мыңнан астам жекеменшік көлік әйнегіне Мемлекеттік ту жалауша түрінде ілінді. «Қазақша сөйлеу – модада», «Ана тілің – арың бұл», т. б. қанатты сөздер көліктің артқы терезесіне жапсырылды. Басқарманың араласуымен «Астана такси», «Таксовичкоф», «Регион», «Яндекс такси» сынды такси компанияларының мобиЛЬДІК қосымшалары қазақ тіліне көшірілді. Басқарма 2ГИС және Яндекс карталарына көше атауларын қазақ тілінде жазуға бастамашы болып, оны түпкілікті іске асырды.

### **Кассалық түбіртектер қазақ тіліне ауыстырылды**

Басқарма «Атамекен» кәсінкерлер палатасымен меморандумға қол қойып, кәсіпкерлер арасындағы тұсіндіру жұмысын, мониторингті бірге атқарады. 2024 жылы 2000-ға жуық эскиз қаралды. 163 бизнес өкілін жеке қабылдауда болды. Жыл басынан бері қала тұрғындарының Тілдерді дамыту және архив ісі басқармасына жіберген өтініштері негізінде тілге қатысты 687 бұзушылық жойылды. Ал «Астана-жарнама» мекемесімен бірлесіп, 2 мыңдан астам заңсыз, қате жарнама алғыншылдастырылды. «Magnum», «Small», «QazaqOil», «Gelious», «Shaurma», «Mega Plaza», «Дария-2012», «Пивоварофф», «Turandot», «Marwin», «Bahandi Burger», «Lavash Food», «Вкус Март», т. б. 2000-нан астам нысаннның кассалық түбіртектері мемлекеттік тілге ауыстырылды. Аудан әкімдіктерімен бірлесіп, ПИК, МИБ өкілдерімен тоқсан сайын кездесу өтеді. Хабарландыру, қызмет көрсету саласында қазақ тілін кеңінен пайдалану қажет екені ескертіліп, тұрақты мониторинг жасалады.

### **Көше атауларының 90 пайыздан астамы – ұлттық атаулар**

Бұгінгі таңда Астана қаласында атау берілген құрамдас бөліктердің жалпы саны – 1173. Соның ішінде 18-і – даңғыл, 1151-і – көше, 4-еуі – тасжол.

Атаулардың 90 пайыздан астамы тарихи жер-су атаулары мен ұлы тұлғалардың құрметіне қойылған. Сондай-ақ елордада 60-тан астам білім беру мекемесіне белгілі ұлт қайраткерлерінің есімі берілді. Оның 40-қа жуығы соңғы 3 жылда іске асты.

«Ономастика мәселесі бойынша қалалық мәслихатқа жиі келіп тұрамыз. Астана қаласы ономастика жұмысы бойынша елімізде ең белсенді өнір саналады. Қаланың жай-күйіне үнемі талдау жасап, идеологиялық тұрғыдан ескірген көшелерді толықтай түзеттік. Ескі, апатты үйлерді ысыру бағдарламасы, т. б. себеппен жойылған немесе кезінде қаланың шеткі аймақтарына берілген ірі тұлғалардың есімдері орталыққа көшірілуде. Бұған Тәттімбет, Мұхаметжан Тынышбаев, Ахмет Байтұрсынұлы, Қорқыт, Құлтегін, Нәзір Төрекұлов, Мәншүк Мәметова көшелерін мысал ретінде айтуға болады. Болашақта Міржақып Дулатұлы, Құрманғазы, т. б. бірнеше көшені де өзгерту жоспарда бар» дейді Сәкен Есіркеп.

Аталмыш басқарма биыл жыл басынан бері қала көлемінде Мемлекеттік рәміздерге қатысты 500-ге жуық әртүрлі форматтағы іс-шара өткізді. Атап айтқанда, маусым айында Республика, Бауыржан Момышұлы, Мәңгілік ел, Тұран, Александр Бараев, Қайым Мұхамедханов, т. б. даңғыл мен көшелердегі тұрғын үйлер мен ғимараттардың балкондары мен терезелеріне 2000-ға жуық Мемлекеттік ту ілінді. Оның алдында сәуір-тамыз айларында қаланың 63 мекемесінде (18 спорт, 13 мәдениет, 32 медицина саласы) Мемлекеттік рәміздерге мониторинг жүргізілді. Кемшіліктер мен ескертулер түзетілді.

**Амангали Қалжанов**